№ исх: ДС-59 от: 18.02.2021

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ

Д Е П У Т А Т Ы

Д Е П У Т А Т

МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі
20 __жылғы «___»_______________
№ _______________

010000, Нур-Султан, Мажилис Парламента
«___» _______________ 20 __года

*2021 жылғы 17 ақпанда жарияланды*

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі
А.Ұ. Мамингe**

# ДЕПУТТАТЫҚ САУАЛ

**Құрметті Асқар Ұзақбайұлы!**

«Ақ жол» фракциясына Жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындары қауымдастығы саладағы проблемалық мәселелер бойынша өтініш жолдады.

Соңғы 5 жылда саладағы кәсіпорындардың 40%-дан астамы өз қызметін тоқтатты, жұмыс істеп жатқандарының саны 25 мыңнан 13 мыңға дейін қысқарды. Естеріңізге сала кетейік, кеңес заманында Қазақстанда бұл салада жұмыспен қамту 203 мыңға дейін жеткен болатын. Мұндай жағдай бұрынғы Одақтың экономикалық байланыстарының үзілуі мен шикізат базасының болмауынан басқа, осы саланы дамытуға қатысты мемлекеттік стратегияның болмауы себебінен қалыптасқаны анық.

Осыған байланысты, «Ақ жол» фракциясы жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындарын қолдау үшін мынадай ұсыныстар жасайды.

Мәселен, 2015 жылы Қауымдастық қазақстандық тауарларды ішкі нарықта алға жылжыту бойынша «Қазбренд» бағдарламасын әзірледі, ол әлі күнге дейін іске асырылмаған. Саладағы кәсіпорындарға өнім өндіруде ғана емес, сондай-ақ оны әрі ішкі, әрі сыртқы нарықтарда өткізуде де көмек қажет.

Бүгін біздің нарығымызды Түркиядан, Белорусьтен, Ресейден, Қытайдан келген тауарлар толтырып жіберген. Түркия Үкіметі өз тауарларын алға жылжыту үшін дүкендерді жалға алуды және франчайзинг желісін құруды субсидиялайды, инвестицияларды және жабдыққа жұмсалатын шығыстарды өтейді, елде өндірілмейтін шикізатқа импорттық баждарды алып тастаған. Осыған ұқсас шараларды Ресей мен Беларусь ішінара қолданады.

18.02.2021 ЕСЭДО ГО (версия 7.23.0)

Мысалы, Беларусьте сауда желісінің сөрелік кеңістігінің кемінде 30%-ы отандық тауарларға беріледі. Ресейде осы үлесті 40%-ға дейін арттыру туралы ұсыныстар қаралып жатыр, сонымен қатар, Ресейде осы тауарлардың өзіндік өндірісі болған жағдайда компаниялар мен мемлекеттік корпорацияларға мемлекет мұқтажы үшін жеңіл өнеркәсіптің импорттық тауарларын сатып алуға тыйым салынған.

Ал Қазақстанда «А» сыныпты сауда орталықтарын жалға алу ақысының жоғары болуынан (50 шаршы метр бутиктің құны айына шамамен 2 млн. теңге болады) және 3 ай бұрын біржолғы жарналар салдарынан отандық тауарлар барлық сауда желілерінде нашар ұсынылған – бұл бұйымдардың түпкілікті құнын 30-50%-ға арттырады. Соның нәтижесінде, тауарлар көрші елдердің осыған ұқсас тауарларымен салыстырғанда бәсекеге қабілетсіз болып қалады.

Пандемия еліміздің қарапайым медициналық жеке қорғану құралдарының (ЖҚҚ) импортына тәуелді екенін көрсетті. ЖҚҚ (қорғаныш бетперделер, бір рет пайдаланылатын комбинезондар, халат костюмдер) медициналық бұйымдарға жатқызылғандықтан, біздің өндірушілеріміз оларды Ресей мен Өзбекстандағыдай, жергілікті тігін кәсіпорындарында жасап шығара алмайды.

Елімізде ЖҚҚ бойынша жеткілікті материалдық резервтер де жоқ. Мұндай резервтерді құру кәсіпорындар үшін кепілдендірілген тапсырыс көлемін де қамтамасыз етер еді.

Мемлекет пен квазимемлекеттік сектор тарапынан отандық тауарларды ұзақ мерзімді тұрақты сатып алу болған жағдайда ғана өндірушілер өндірісті сақтап қалып қана қоймай, сондай-ақ оны жаңғырту мүмкіндігіне де ие болады.

Жаңғырту үшін кемінде 30% шығындарды кейіннен өтей отырып, жабдықты лизингке сатып алу мүмкіндігі де қажет – осыны біздің көршілеріміз қолдануда.

Сонымен қатар, «Ақ жол» партиясы жеңіл өнеркәсіп саласы да жататын басым секторлар үшін қосылған құн салығының сараланған мөлшерлемесін қолдану қажеттілігі туралы бірнеше рет айтқан болатын. Тауар өндірушілер үшін шикізатқа, материалдар мен жабдықтарға кедендік баждарды төмендетуді ұсынған едік. Осы саладағы өнімнің өзіндік құнында шикізат, негізінен, импорттық шикізат, 60%-ды құрайды.

Қазіргі уақытта кәсіпорындар дәл осы шаралардың қажет екенін айтып отыр – олар жеңіл өнеркәсіпке елеулі қолдау көрсетер еді.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, «Ақ жол» фракциясы Сізден:

1) отандық тауарларды маркетингтік алға жылжыту және жалға алу ақысы бойынша шығындардың бір бөлігін өтеуді;

2) кейіннен 30%-ға дейін жеткізе отырып, сауда желілерінің сөрелерінде отандық өндірілген жеңіл өнеркәсіп тауарларының кемінде 10%-ының болуын қамтамасыз етуді;

18.02.2021 ЕСЭДО ГО (версия 7.23.0)

3) Ресей заңнамасына ұқсас мемлекеттік сатып алу шеңберінде Қазақстанда осы тауарлардың өндірісі болған кезде Қазақстанда шығарылған тауарлардың ең аз үлесін белгілеуді;

4) Қазақстанда өндірілмейтін шикізат пен жиынтықтауыштарды кедендік баждардан босатуды:

5) жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындары үшін 3% мөлшерінде қосылған құн салығының төмендетілген мөлшерлемесін белгілеуді сұрайды.

**Құрметпен,**

**«Ақ жол» фракциясының депутаттары** **Д. Еспаева**

**А. Перуашев**

**А. Әбілдаев**

**Е. Барлыбаев**

**Б. Дүйсембинов**

**А. Жумабаева**

**Е. Ерубаев**

**Қ. Иса**

**А. Линник**

**Е. Өмірғали**

**М. Раманкұлов**

**А. Сембинов**

**Қазақстан Халық партиясы фракциясының депутаты** **И. Смирнова**

18.02.2021 ЕСЭДО ГО (версия 7.23.0)

Орын.: Р. Хаматханова
Тел.: 74-63-64

№ исх: ДС-59 от: 18.02.2021

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ
ДЕПУТАТЫ

ДЕПУТАТ
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі
20 __жылғы «___»______________
№ ______________

010000, Нур-Султан, Мажилис Парламента
«___» ______________ 20 __года

*Оглашен 17 февраля 2021 года*

**Премьер-Министру**
**Республики Казахстан**
**Мамину А.У.**

# ДЕПУТАТСКИЙ ЗАПРОС

**Уважаемый Аскар Узакпаевич!**

Во фракцию «Ак жол» обратилась Ассоциация предприятий легкой промышленности по проблемным вопросам отрасли.

За последние 5 лет более 40% предприятий отрасли прекратили свою деятельность, численность работающих сократилась с 25 до 13 тысяч. Напомним, что в Казахстане в советское время в этой отрасли занятость доходила до 203 тысяч. Очевидно, что такое положение дел, кроме разрыва экономических связей бывшего Союза и отсутствие сырьевой базы, сложилось по причине отсутствия государственной стратегии развития этой отрасли.

В этой связи, фракция «Ак жол» обращается с предложениями для поддержки предприятий легкой промышленности.

Так, Ассоциацией в 2015 году разработана программа «Казбренд» по продвижению казахстанских товаров на внутренний рынок, которая до сих пор не реализована. Предприятиям отрасли необходима помощь не только в производстве продукции, но и в ее реализации как на внутреннем, так и на внешнем рынках.

Сегодня наш рынок заполонили товары Турции, Белоруссии, России, Китая. Правительство Турции для продвижения своих товаров субсидирует аренду магазинов и создание сети франчайзинга, возмещает инвестиции и расходы на оборудование, отменила импортные пошлины на сырье, не производимые в стране. Аналогичные меры частично применяют Россия и Беларусь.

18.02.2021 ЕСЭДО ГО (версия 7.23.0)

Например, в Беларуси не менее 30% полочного пространства торговой сети отдают отечественным товарам. В России рассматривают предложения об увеличении этой доли до 40%, кроме того, там запрещено приобретение импортных товаров легкой промышленности для госнужд компаниям и госкорпорациям, при наличии собственного производства этих товаров.

В Казахстане же отечественные товары слабо представлены во всех торговых сетях из-за высокой аренды торговых центров класса «А» (стоимость бутика 50 м2 обходится в почти в 2 млн тенге в месяц), и единовременных взносов за 3 месяца вперед – это увеличивает конечную стоимость изделий на 30-50%. В итоге, товары становятся неконкурентными в сравнении с аналогичными товарами соседних стран.

Пандемия показала, как наша страна зависит от импорта простых медицинских средств индивидуальной защиты (СИЗы). В связи с тем, что СИЗы (защитные маски, одноразовые комбинезоны, костюмы халаты,) отнесены к медицинским изделиям, наши производители не могут изготовить их на местных швейных предприятиях, как это делается в России и в Узбекистане.

В стране отсутствуют и достаточные материальные резервы по СИЗам. Создание таких резервов также обеспечило бы гарантированный объем заказов для предприятий.

Только при наличии долгосрочных регулярных закупок отечественных товаров со стороны государства и квазигоссектора, производители будут иметь возможность не только сохранить производство, но и модернизировать его.

Для модернизации, необходима еще и возможность приобретения оборудования в лизинг с последующей компенсацией затрат, не менее 30 % - это практикуют наши соседи.

Кроме того, партия «Ак жол» неоднократно заявляла о необходимости применения дифференцированной ставки НДС для приоритетных секторов, к которым относится и легкая промышленность. Мы предлагали понизить таможенные пошлины на сырье, материалы и оборудование для товаропроизводителей. В себестоимости продукции этой отрасли сырье, в основном импортное, составляет 60%.

В настоящее время предприятия сигнализируют о необходимости именно этих мер - они оказали бы существенную поддержку легкой промышленности.

На основании вышеизложенного, фракция «Ак жол» просит Вас:

1) возмещать части затрат по маркетинговому продвижению отечественных товаров и арендной платы;

2) обеспечить присутствие на полках торговых сетей не менее 10 % товаров лёгкой промышленности отечественного производства с доведением в последующем до 30%;

18.02.2021 ЕСЭДО ГО (версия 7.23.0)

3) по аналогии с российским законодательством в рамках гос.закупа установить минимальную долю товаров казахстанского происхождения ,при наличии производства этих товаров в Казахстане;

4) освободить от таможенных пошлин сырье и комплектующие, которые не производятся в Казахстане:

5) установить пониженную ставку НДС в размере 3% для предприятий лёгкой промышленности.

**С уважением,**

**Депутаты фракции «Ак жол»** **Д. Еспаева**

**А. Перуашев**
**А. Абильдаев**
**Е. Барлыбаев**
**Б. Дюсембинов**
**А. Жумабаева**
**Е. Ерубаев**
**Қ. Иса**
**А. Линник**
**Е. Өмірғали**
**М. Раманкулов**
**А. Сембинов**

**Депутат фракции**
**Народной партии Казахстана** **И. Смирнова**

Исп.: Р. Хаматханова
Тел.: 74-63-64

18.02.2021 ЕСЭДО ГО (версия 7.23.0)